

Тереңкөл ауданында бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде салықтар мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Тереңкөл аудандық мәслихатының 2024 жылғы 1 наурыздағы № 1/15 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 7 наурызда № 7500-14 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Тереңкөл ауданы мәслихатының 2026 жылғы 16 ақпандағы № 1/40 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Тереңкөл ауданы мәслихатының 16.02.2026 № 1/40 шешімімен (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі).

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасы Кодексінің 696-3 бабы 5-тармағына сәйкес, Тереңкөл аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Тереңкөл ауданында бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде төлем көзінен ұсталатын салықтарды қоспағанда, корпоративтік немесе жеке табыс салығы мөлшерлемесінің мөлшерін салықтық кезеңде алынған (алынуға жататын) кірістер бойынша 4 % - дан 2 % - ға төмендетілсін.

2. Осы шешім 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Тереңкөл аудандық мәслихатының төрағасы

Р. Габидулин